

Канада экономикасы



Дайындаған: Жексенбай Аманбек

Жоспар:

1. Канада - индустриялы-аграрлы ел

2. Канада экономикасы

3. Экономика дамуынын негизги көзі

4. Дамушы мемлекет

5. Пайдаланган деректер



Канада – Солтүстік Америка материгінде орын тепкен үлкен ел.

Елдің астанасы – Оттава өзенінің бойында орналасқан Оттава қаласы. Аталған ел өзінің жер көлемі бойынша әлемде Ресейден кейін екінші орында тұрады.

Канаданың экономикасы




Канада әлемдегі ең дамыған жеті елдің біреуі болып табылады. Айта кетсек, халқы 34 миллион адамға жеткен ел әлемнің дамыған ”Үлкен сегіздік” елдерінің құрамына кіреді. Одан бөлек, Канада ”Экономикалық әріптестік және даму халықаралық ұйымының” мүшесі болып табылады. Сонымен қатар, Канада әлемдік айналымы мен нарықтағы үлесі есебінен алып ондыққа кірген.


АҚШ



Жапония



Ұлыбритания



Канадаға импортталатын тауарларды дайындайтын негізгі елдер – АҚШ, Жапония және Ұлыбритания. Мысалы, 2008 жылғы есеп бойынша аталған елге импортталған тауарлардан түскен қаржы \$442,9 миллиардты құраған. Ретімен тоқталып өтсек, оның ішінде \$280,8 миллиарды көрші АҚШ елінен, \$11.3 миллиарды Ұлыбританиядан және \$11.7 миллиарды жаңа технологиялық өнімдердің негізгі отаны Жапониядан түскен.



Елдің экономикалық өркендеуіне мұнай-газ, қызмет көрсету және тау-кен өндірісі салалары мұрындық болып отыр. Ел азаматтарының төрттен үш бөлігі аталған саланың мамандары болып табылады. Сауда айналымы бойынша, Канада көбіне бидай және астық тұқымдас дақылдарды экспортқа шығарып отырады. Ал елдің солтүстік аймақтарында ауыл шаруашылығы саласы климаттық жағдайларға байланысты дамымаған. Бірақ суық аймақтарда алтын, никель, мырыш пен уран табиғи байлықтарының қоры бар.

*Одан бөлек, Канада
алмаз өндіруден әлемде
екінші орынды алады.*



*Оңтүстік Онтарио
мен Квебек
провинцияларында
автокөлік жасау мен
әуе және ғарыштық
техникалар өндірісі
жақсы дамыған.*



Елдің төл ақшасы канадалық доллар (CAD) болып табылады. Оның 5, 10, 20, 50 және 100 долларлық номиналдары бар.





Канада экономикасы үшін су көлігінің де маңызы орасан зор. Өйткені Канаданың экономикалық-географиялық орнының қолайлы тұсының бірі ретінде арзан су жолын атауға болады. Елдегі Ұлы көлдер мен Әулие Лаврентий өзенінің су жүйесі осы ауданда шоғырланған өнеркәсіп орталықтарын Атлант мұхитымен жалғастыруда айрықша рөл атқарады.

Жалпы елдің экономикалық-географиялық жағдайы тұрақты. Канаданың экономикалық дамуында күрделі мәселелері жоқ. Қазіргі кезде географиялық тұрғыдан да еларалық келіспеушіліктер орын алмайды.



Пайдаланған деректер

http://massaget.kz/okushyilarga/uy_tapsyirmasyi/25228/

Назарларыңызга рахмет!